

**«ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ ЖАҒДАЙЫНДА МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ ЕРЕКШЕ БІЛІМ БЕРУ ҚАЖЕТТІЛІГІ БАР БАЛАЛАРДЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ СҮЙЕМЕЛДЕУ» атты мектепке дейінгі білім беру мекемелерінің арнайы педагогтардың, тәрбиешілердің БІЛІКТІЛІГІН АРТТЫРУ КУРСЫНЫҢ (80 сағаттық) БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ**

## **1. Жалпы ережелер**

Бағдарлама «Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламаларын әзірлеу, келісу және бекіту қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 4 мамырдағы № 175 бұйрығы; Білім туралы Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы; Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 4 бұйрығы; Мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, қосымша білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық қолдап отыру қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 6 бұйрығына сәйкес құрастырылған. Тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 29.09.2023 № 300 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 18 қаңтарда № 26513 болып тіркелді.

Инклюзивті білім беру жағдайында мектеп жасына дейінгі ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды педагогикалық-психологиялық сүйемелдеу» бағдарламасы ерекше білім беру қажеттілігі бар балалармен инклюзивті білім беру жағдайында жұмыс жасайтын мектепке дейінгі білім беру мекемелерінің ППҚ мамандарын (арнайы педагогтарын, психолог, педагог –ассистент т.б), тәрбиешілерді оқытуды реттейді. Бүгінгі таңда мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында ерекше білім беруді қажет ететін балаларды психологиялық-педагогикалық қолдаудың ұйымдастыру мәселесі өз өзектілігін жоймай отыр. Ерте жастан ықпал ету қағидасына сүйенетін болсақ, ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды психологиялық қолдауды неғұрлым ерте жастан қолға алатын болсақ, соншалықты өз нәтижесін көрсетіп, кейін мектеп жағдайында білім алу барысында баланың оқуын, тәрбиелеуін, әлеуметтендіруін одан әрі оңтайландыруға мүмкіндік береді. Бұл үрдіс мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында ерекше білім беруді қажет ететін балаларды психологиялық-педагогикалық қолдау мамандарының, тәрбиешілердің кәсіби құзіреттілігін, дайындығын талап етеді. Өкінішке орай, бүгінгі таңда мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында ерекше білім беруді қажет ететін балаларды психологиялық-педагогикалық қолдауды ұйымдастыру бойынша әлі де жетіспеушіліктер мен қиындықтарды талап етеді. Осыған курстың бағдарламасының мазмұны аталмыш қарама- қайшылықтарды есепке ала отырып құрастырылған.

## **2. Глоссарий**

**1) ерекше білім беруді қажет ететін адамдар (балалар)** – тиісті деңгейде білім алу және қосымша білім алу үшін арнаулы жағдайларға тұрақты немесе уақытша қажеттілік көріп жүрген адамдар (балалар).

**2) білім алу үшін арнаулы жағдайлар** – ерекше білім беруді қажет ететін адамдардың (балалардың), сондай-ақ мүмкіндігі шектеулі балалардың оларсыз білім беру бағдарламаларын меңгеруі мүмкін болмайтын, оқу, сондай-ақ арнаулы, жеке дамыту мен

түзеу-дамыту бағдарламаларын және оқыту әдістерін, техникалық, оқу және өзге де құралдарды, тыныс-тіршілік ортасын, психологиялық-педагогикалық қолдап отыруды, медициналық, әлеуметтік және өзге де көрсетілетін қызметтерді қамтитын жағдайлар.

**3) ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау** – білім алу үшін қажетті арнаулы жағдайларды айқындау.

**4) психологиялық-педагогикалық қолдап отыру** – білім беру ұйымдарында іске асырылатын, процесінде ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау негізінде ерекше білім беруді қажет ететін адамдарды (балаларды) ойдағыдай оқыту және дамыту үшін әлеуметтік-психологиялық және педагогикалық жағдайлар жасалатын жүйелі-ұйымдастырылған қызмет.

**5) мүмкіндігі шектеулі бала (балалар)** – белгіленген тәртіппен расталған, туа біткен, тұқым қуалаған, жүре пайда болған аурулардан немесе жарақаттардың салдарынан тіршілік етуі шектелген, дене және (немесе) психикалық кемістігі бар он сегіз жасқа дейінгі бала (балалар).

**6) инклюзивті білім беру** – ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, барлық оқушылардың білім алуға тең қолжетімділігін қамтамасыз ететін процесс.

**7) мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау** – мүмкіндігі шектеулі балаларға тұрмыс-тіршілігіндегі шектелуді еңсеру және оның орнын толтыру үшін жағдай жасауды қамтамасыз ететін және оларға басқа азаматтармен бірдей қоғам өміріне қатысу мүмкіндіктерін жасауға бағытталған арнаулы әлеуметтік, медициналық және білім беру қызметтерін ұсынатын білім беру, халықты әлеуметтік қорғау, денсаулық сақтау ұйымдарының қызметі;

**8) мүмкіндігі шектеулі балаларды арнаулы психологиялық-педагогикалық қолдау** – қызметтің қандай да бір түрін орындау қабілеттерін қалпына келтіруге немесе оның орнын толтыруға бағытталған көрсетілетін қызметтер мен іс-шаралар кешені;

**9) мектепке дейінгі ұйым** – мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін, арнайы оқу бағдарламаларын, жеке дамыту бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымы;

**10) мүмкіндігі шектеулі балаларды арнаулы психологиялық-педагогикалық қолдау** – қызметтің қандай да бір түрін орындау қабілеттерін қалпына келтіруге немесе оның орнын толтыруға бағытталған көрсетілетін қызметтер мен іс-шаралар кешені;

**11) мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту** – балалардың физикалық, жеке тұлғасын, танымдық сапасын дамыту, олардың әлеуметтік жетістігі мен өмір бойғы бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету үшін қажетті шешуші құзыреттілікті қалыптастыру;

**12) мінез-құлықты - қолданбалы қолдау** - мінез-құлық заңдылықтарына негізделген қолданбалы әдістерді әзірлейтін және оларды әлеуметтік маңызды мінез-құлықты жақсарту үшін жүйелі түрде қолданатын ғылыми пән.

### 3. Бағдарламаның тақырыбы

Бағдарламаның жаңашылдық дәрежесі мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында ерекше білім беруді қажет ететін балаларды психологиялық-педагогикалық қолдауды ұйымдастыру кешенділігін қамтуымен байланысты болып, біліктілікті арттыру бағдарламасы келесі тақырыптарды қамтыды:

Модульдер	Тақырыптар
1. «Инклюзивті білім берудің мазмұны, нормативті құжаттар»	1.1 Инклюзивті білім беру ұғымы. Ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларға қолдау көрсету және бағалау моделі (медициналық, әлеуметтік).

	1.2 ҚР инклюзивті білім беруді жүзеге асырудың нормативті -құқықтық негіздері.
	1.3 Ерекше білім беру қажеттілігі бар балалар тобы
	1.4 Инклюзивті білім беру контекстіндегі Л.С.Выготскийдің теориялары (мәдени - тарихи теориялары, дамудың өзекті және жақын аймағы, түзету, орынбасу, біріншілік және екіншілік кемістік ұғымдары т.б).
<b>2. «Ерекше білім беру қажеттілігі бар балалар тобы, балалардың даму ерекшеліктері»</b>	2.1 Сөйлеу тілі зақымдалған мектеп жасына дейінгі балалардың даму ерекшеліктері.
	2.2 Психикалық дамуы тежелген мектеп жасына дейінгі балалардың даму ерекшеліктері.
	2.3 Зияты зақымдалған мектеп жасына дейінгі балалардың даму ерекшеліктері.
	2.4 Көру қабілеті және есту қабілеті зақымдалған мектеп жасына дейінгі балалардың даму ерекшеліктері.
	2.5 Тірек- қимыл аппараты зақымдалған мектеп жасына дейінгі балалардың даму ерекшеліктері.
<b>3. «Ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды сүйемелдеудегі ПМПК мен мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының байланысы»</b>	3.1 ПМПК тексерудің негізгі мақсаты.
	3.2 Мектеп жасына дейінгі балалардың ерекше білім беру қажеттілігін ПМПК жағдайында анықтау.
	3.3 ПМПК жұмысының мазмұны, тексеру алгоритмі, тексеру қорытындылары мен ұсыныстарын талдау.
	3.4 Мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеу тілінің дамуының онтогенезі, психо–физикалық даму ерекшеліктері.
	3.5 Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мектеп жасына дейінгі ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды сүйемелдеу.
	3.6 Мектеп жасына дейінгі ұйымдардағы логопедтің қызметі, жұмыс мазмұны.

	3.7 Мектеп жасына дейінгі ұйымдардағы арнайы педагогтың қызметі, жұмыс мазмұны.
	3.8 Мектеп жасына дейінгі ұйымдардағы психологтың қызметі, жұмыс мазмұны.
	3.9 Мектеп жасына дейінгі ұйымдардағы педагог - ассистенттің қызметі, жұмыс мазмұны.
	3.10 Мектеп жасына дейінгі ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды оқыту мен тәрбиелеудің түзете – дамытушылық бағыты.
<b>4. «Мектеп жасына дейінгі қарым-қатынас пен әлеуметтік өзара әрекеттестіктің бұзылысы бар балалардың даму ерекшеліктері және олармен жүргізілетін жұмыс түрлері»</b>	4.1 Әлеуметтік өзара әрекеттестіктің бұзылысы бар балалардың даму ерекшеліктері.
	4.2 Әлеуметтік өзара әрекеттестіктің бұзылысы бар балаларды дамытудағы сенсорлы интеграция.
	4.3 Әлеуметтік өзара әрекеттестіктің бұзылысы бар мектеп жасына дейінгі балалармен түзету - дамытушылық жұмыс.

#### **4 . Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері, күтілетін нәтижелер**

**Бағдарламаның мақсаты** – мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында ерекше білім беруді қажет ететін балаларды психологиялық-педагогикалық қолдауды ұйымдастыру бойынша педагогтардың кәсіби құзіреттіліктерін дамыту.

#### **Бағдарлама міндеттері:**

- Инклюзивті білім беру түсінігі, мақсаты мен міндеттері туралы түсініктерін дамыту;
- Ерекше білім беру қажеттілігі бар балалар тобы, олардың даму ерекшелігі, оқу қиындықтарының сипаты туралы білімдерін тереңдету;
- Мектеп жасына дейінгі балалардың даму ерекшеліктерін, олардың сипаты туралы білімдерін кеңейту.
- Инклюзивті білім беру контекстіндегі халықаралық және Отандық нормативті-құқықтық құжаттармен таныстыру арқылы білімдерін тереңдету, жаңа заңнамалық құжаттарды талдау;
- Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 4 бұйрықтың мазмұнын ашу. Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 29.09.2023 № 300 бұйрығымен.
- "Мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, қосымша білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық қолдап отыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 6 бұйрығының мазмұнын ашу. Ескерту. Тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 29.09.2023 бұйрығымен таныстыру;
- ПМПК жағдайында ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды тексеру, мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында ерекше білім беруді қажет ететін балаларды психологиялық-педагогикалық қолдауды ұйымдастыруда мамандардың өзара әрекетін сипаттау;

- Мектеп жасына дейінгі қарым-қатынас пен әлеуметтік өзара әрекеттестіктің бұзылысы бар балалардың даму ерекшеліктері және олармен жүргізілетін жұмыс түрлері туралы ақпарат беру.
- Ерекше білім беру қажеттілігі бар балалармен жүргізілетін түзету-дамытушылық жұмыстардың ерекшеліктерімен таныстыру.

### **Күтілетін оқу нәтижелері:**

- Инклюзивті білім беру түсінігі, мақсаты мен міндеттері туралы түсініктері дамиды;
- Ерекше білім беру қажеттілігі бар балалар тобы, олардың даму ерекшелігі, оқу қиындықтарының сипаты туралы білімдерін тереңдетеді;
- Мектеп жасына дейінгі балалардың даму ерекшеліктерін, олардың сипаты туралы білімдерін кеңейтеді;
- Инклюзивті білім беру контекстіндегі халықаралық және Отандық нормативті-құқықтық құжаттармен таныстыру арқылы білімдерін тереңдетіп, жаңа заңнамалық құжаттарды талдайды;
- Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 4 бұйрықтың мазмұнын ашу. Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 29.09.2023 № 300 бұйрығымен танысады;
- "Мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, қосымша білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық қолдап отыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 6 бұйрығының мазмұнын ашу. Ескерту. Тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 29.09.2023 бұйрығымен танысады;
- ПМПК жағдайында ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды тексеру, мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында ерекше білім беруді қажет ететін балаларды психологиялық-педагогикалық қолдауды ұйымдастыруда мамандардың өзара әрекетін сипаттайды;
- Мектеп жасына дейінгі қарым-қатынас пен әлеуметтік өзара әрекеттестіктің бұзылысы бар балалардың даму ерекшеліктері және олармен жүргізілетін жұмыс түрлерімен танысады;
- Ерекше білім беру қажеттілігі бар балалармен жүргізілетін түзету-дамытушылық жұмыстардың ерекшеліктерін үйренеді.

### **5. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны**

Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны деген бөлім бағдарламаның жоспарын, бағдарламаның мақсаты мен міндеттері бойынша күтілетін нәтижелердің өзара байланысын сипаттайды. Бағдарлама 4 модульден тұрады:

- 1) Инклюзивті білім берудің мазмұны, нормативті құжаттар;
- 2) Ерекше білім беру қажеттілігі бар балалар тобы, балалардың даму ерекшеліктері;
- 3) Ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды сүйемелдеудегі ПМПК мен мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының байланысы;
- 4) Мектеп жасына дейінгі қарым-қатынас пен әлеуметтік өзара әрекеттестіктің бұзылысы бар балалардың даму ерекшеліктері және олармен жүргізілетін жұмыс түрлері

**1. «Инклюзивті білім берудің мазмұны, нормативті құжаттар» атты модульде:** Инклюзивті білім беру ұғымы. Ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларға қолдау көрсету және бағалау моделі (медициналық, әлеуметтік). ҚР инклюзивті білім беруді жүзеге асырудың нормативті -құқықтық негіздері. Ерекше білім беру қажеттілігі бар балалар тобы. Инклюзивті білім беру контекстіндегі Л.С.Выготскийдің теориялары

(мәдени - тарихи теориялары, дамудың өзекті және жақын аймағы, түзету, орынбасу, біріншілік және екіншілік кемістік ұғымдары т.б).

**2. «Ерекше білім беру қажеттілігі бар балалар тобы, балалардың даму ерекшеліктері» атты модульде:** Сөйлеу тілі зақымдалған мектеп жасына дейінгі балалардың даму ерекшеліктері. Психикалық дамуы тежелген мектеп жасына дейінгі балалардың даму ерекшеліктері. Зияты зақымдалған мектеп жасына дейінгі балалардың даму ерекшеліктері. Көру қабілеті және есту қабілеті зақымдалған мектеп жасына дейінгі балалардың даму ерекшеліктері. Тірек- қимыл аппараты зақымдалған мектеп жасына дейінгі балалардың даму ерекшеліктері.

**3. «Ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды сүйемелдеудегі ПМПК мен мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының байланысы» атты модульде:** ПМПК тексерудің негізгі мақсаты. Мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеу тілінің дамуының онтогенезі, психо–физикалық даму ерекшеліктері. Мектеп жасына дейінгі балалардың ерекше білім беру қажеттілігін ПМПК жағдайында анықтау. ПМПК жұмысының мазмұны, тексеру алгоритмі, тексеру қорытындылары мен ұсыныстарын талдау. Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мектеп жасына дейінгі ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды сүйемелдеу. Мектеп жасына дейінгі ұйымдардағы логопедтің қызметі, жұмыс мазмұны. Мектеп жасына дейінгі ұйымдардағы арнайы педагогтың қызметі, жұмыс мазмұны. Мектеп жасына дейінгі ұйымдардағы психологтың қызметі, жұмыс мазмұны. Мектеп жасына дейінгі ұйымдардағы педагог - ассистенттің қызметі, жұмыс мазмұны. Мектеп жасына дейінгі ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды оқыту мен тәрбиелеудің түзете – дамытушылық бағыты.

**4. «Мектеп жасына дейінгі қарым-қатынас пен әлеуметтік өзара әрекеттестіктің бұзылысы бар балалардың даму ерекшеліктері және олармен жүргізілетін жұмыс түрлері» атты модульде:**

Әлеуметтік өзара әрекеттестіктің бұзылысы бар балалардың даму ерекшеліктері. Әлеуметтік өзара әрекеттестіктің бұзылысы бар балаларды дамытудағы сенсорлы интеграция. Әлеуметтік өзара әрекеттестіктің бұзылысы бар мектеп жасына дейінгі балалармен түзету - дамытушылық жұмыс.

## **6. Оқу процесін ұйымдастыру**

Бағдарлама күндізгі және қашықтан (онлайн) оқыту тәртібінде жүзеге асырылады. Оқу курсының ұзақтығы 80 академиялық сағатты құрайды.

Білім беру үдерісі біліктілікті арттырудың әрекеттік сипатын қамтамасыз ететін оқыту нысандары мен әдістерін қамтиды: дәріс-вебинар, таңдау бойынша дәрістер, практикалық жұмыс, өзіндік жұмыс.

Білім беру процесі оқытудың интерактивті формалары мен әдістерін қамтиды: дәріс, семинар, топтар мен жұптардағы практикалық жұмыс, қорытынды сұрақтар, сонымен қатар аралас оқыту режимінде курсқа арналған вебинар, онлайн дәріс және тыңдаушының өзін-өзі оқытуы қарастырылған. .

Мұғалімдердің бағдарлама мазмұнын түсіну деңгейін арттыру үшін: топтарда жұмысты кеңінен қолдану, содан кейін талқылау және рефлексия; шағын топтардағы теория мен практиканың негізгі мәселелерін талқылау, қарастырылған.

## **7. Бағдарламаның оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуі**

### **1 Модуль. Инклюзивті білім берудің мазмұны, нормативті құжаттар**

Бөлім құрылымы

Ұзақтығы – 6 сағат.

Онлайн оқыту режимінде (дәріс-4 сағат)

**Бөлімнің өзектілігі:** ҚР жалпыға міндетті және арнайы білім беру стандартында көрсетілген талаптарды саралап инклюзивті білім беру жағдайында мектеп жасына дейінгі ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды педагогикалық-психологиялық сүйемелдеудің негізгі мәселелерін талдау, саралау, ұсыну өте өзекті мәселе.

**Бөлімнің мақсаттары мен міндеттері:**

**Мақсаты:** арнайы білім берудің базалық білім мен жетік білімді мектепке дейінгі бағдарламасына сай жүйелеу.

**Міндеттері:**

- Инклюзивті білім беру жағдайында мектеп жасына дейінгі оқытуды жетік меңгеру үшін мұғалімге қойылатын талаптарды нормативтік-құқықтық құжаттар негізінде зерделеу.
- Инклюзивті білім беруде мектеп жасына дейінгі білім берудің шығармашылық ойлау, аналитикалық ойлау дағдысымен байланыстырудың маңызын ашу;
- Инклюзивті білім беру жағдайындағы мектепке жасына дейінгі білім мазмұның ғылыми зерттеулердің талаптарына сәйкестендірудің жолдарын көрсету.

**Күтілетін нәтижелер:**

- Мектеп жасына дейінгі балалардың ерекше білім беру қажеттіліктерін анықтауда коммуникативтік, зерттеушілік құзыреттілікті дамытудың жолдарын игереді;
- Мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттары мен қағидаттарына сай инклюзивті білім берудің маңызды екенін көрсете алады;
- Жаңартылған білім беру бағдарламасындағы ерекше білім беруді анықтауға арналған оқу мақсаттарына талдау жасайды;

**2 Модуль. Ерекше білім беру қажеттілігі бар балалар тобы, балалардың даму ерекшеліктері**

Бөлім құрылымы

Ұзақтығы – 15 сағат.

**Бөлімнің өзектілігі:** Бұл бөлімде ерекше білім беруді қажет ететін әр түрлі категориядағы балалардың дамуындағы ерекшеліктері мен сипаттамысын анықтау, бағалау және саралауды көздейді.

**Бөлімнің мақсаттары мен міндеттері:**

**Мақсаты:** әр түрлі категориядағы балалардың ерекше білім беру қажеттіліктерін ескере отырып мектеп жасына дейінгі балалардың мүмкіндіктерімен байланыстыра оқыту, дамыту осы бөлімнің басты мақсатына жатады

**Міндеттері:**

- Сөйлеу тілі зақымдалған мектеп жасына дейінгі балалардың даму ерекшеліктерін анықтау, талдау
- Психикалық дамуы тежелген мектеп жасына дейінгі балалардың даму ерекшеліктерін анықтау, талдау, салыстыру
- Зияты зақымдалған мектеп жасына дейінгі балалардың даму ерекшеліктері бар балалармен оқыту дамыту жұмыстарын талқылау.
- Көру қабілеті және есту қабілеті зақымдалған мектеп жасына дейінгі балалардың даму ерекшеліктерін сипаттау, жетілдіру
- Тірек- қимыл аппараты зақымдалған мектеп жасына дейінгі балалардың даму ерекшеліктері туралы білімдерін кеңейту, толықтыру

**Күтілетін нәтижелер:**

- Әр түрлі категориядағы балалардың ерекше білім беру қажеттіліктерін анықтай алады.
- Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың даму зағдылықтары туралы түсініктері қалыптасады.

### **3-бөлім. Ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды сүйемелдеудегі ПМПК мен мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының байланысы**

Бөлім құрылымы

Ұзақтығы – 43 сағат.

**Бөлімнің өзектілігі:** бұл бөлімде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жүргізілетін жұмыстың ПМПК мен мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының арасындағы байланыстарын қарастыруды көздейді.

#### **Бөлімнің мақсаттары мен міндеттері:**

**Мақсаты:** ерекше білім беру қажеттіліктерді ПМПК жағдайында әлеуметтік – педагогикалық модельге негізінде берілетін тұжырымдамалар мен қорытындылардың мазмұнын ашу, анықтау болып табылады.

#### **Міндеттері:**

- ПМПК тексерудің негізгі мақсатын анықтау
- Мектеп жасына дейінгі балалардың ерекше білім беру қажеттілігін ПМПК жағдайында анықтау
- ПМПК жұмысының мазмұны, тексеру алгоритмі, тексеру қорытындылары мен ұсыныстарын талдау.
- Мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеу тілінің дамуының онтогенезін қарастыру
- Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мектеп жасына дейінгі ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды сүйемелдеу., психо–физикалық даму ерекшеліктерін бағалау
- Мектеп жасына дейінгі ұйымдардағы логопедтің, арнайы педагогтың , психологтың, педагог – ассистенттің, қызметі, жұмыс мазмұнымен таныстыру

#### **Күтілетін нәтижелер:**

- ПМПК жұмысының мазмұны, тексеру алгоритмі, тексеру қорытындылары мен ұсыныстарын талдайды.
- Мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеу тілінің дамуының онтогенезін біледі.
- Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мектеп жасына дейінгі ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды сүйемелдеу., психо–физикалық даму ерекшеліктерін анықтайды.
- Мектеп жасына дейінгі ұйымдардағы логопедтің, арнайы педагогтың , психологтың, педагог – ассистенттің, қызметі, жұмыс мазмұнымен танысады.

### **4-Модуль. Мектеп жасына дейінгі қарым-қатынас пен әлеуметтік өзара әрекеттестіктің бұзылысы бар балалардың даму ерекшеліктері және олармен жүргізілетін жұмыс түрлері**

Бөлім құрылымы

Ұзақтығы – 12 сағат.

**Бөлімнің өзектілігі:** бұл бөлімде қарым-қатынас пен әлеуметтік өзара әрекеттестіктің бұзылысы бар балалардың даму ерекшеліктерін анықтау, бағалау және саралау болып табылады.

#### **Бөлімнің мақсаттары мен міндеттері:**

**Мақсаты:** қарым-қатынас пен әлеуметтік өзара әрекеттестіктің бұзылысы бар балалардың даму ерекшеліктерін анықтау мен олармен жүргізілетін жұмысын түрлерінің бағыттарын анықтау болып табылады.

#### **Міндеттері:**

- Әлеуметтік өзара әрекеттестіктің бұзылысы бар балалардың даму ерекшеліктерін қарастыру
- Әлеуметтік өзара әрекеттестіктің бұзылысы бар балаларды дамытудағы сенсорлы интеграцияның маңыздылығын қарастыру



- Әлеуметтік өзара әрекеттестіктің бұзылысы бар мектеп жасына дейінгі балалармен түзету - дамытушылық жұмыс бағыттарын анықтау.

### Күтілетін нәтижелер:

- Әлеуметтік өзара әрекеттестіктің бұзылысы бар балалардың даму ерекшеліктерін анықтайды.

- Әлеуметтік өзара әрекеттестіктің бұзылысы бар балаларды дамытудағы сенсорлы интеграцияның маңыздылығын ескереді.

- Әлеуметтік өзара әрекеттестіктің бұзылысы бар мектеп жасына дейінгі балалармен түзету - дамытушылық жұмыс бағыттарын талдайды.

№	Сабақтың тақырыптары	Деріс-вебинар	Тәжірибелік жұмыс	Бақылау түрі	Барлығы
1	2	3	4	5	6
1	<b>«Инклюзивті білім берудің мазмұны, нормативті құжаттар»</b>	<b>6</b>	<b>4</b>		<b>10</b>
1.1	Инклюзивті білім беру ұғымы. Ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларға қолдау көрсету және бағалау моделі (медициналық, әлеуметтік).	2	1		3
1.2	ҚР инклюзивті білім беруді жүзеге асырудың нормативті - құқықтық негіздері.	2			2
1.3	Ерекше білім беру қажеттілігі бар балалар тобы.	1	1		2
1.4	Инклюзивті білім беру контекстіндегі Л.С.Выготскийдің теориялары (мәдени - тарихи теориялары, дамудың өзекті және жақын аймағы, түзету, орынбасу, біріншілік және екіншілік кемістік ұғымдары т.б).	1	2		3
2	<b>«Ерекше білім беру қажеттілігі бар балалар тобы, балалардың даму ерекшеліктері»</b>	<b>10</b>	<b>5</b>		<b>15</b>
2.1	Сөйлеу тілі зақымдалған мектеп жасына дейінгі балалардың даму ерекшеліктері.	2	1		3
2.2	Психикалық дамуы тежелген мектеп жасына дейінгі балалардың даму ерекшеліктері.	2	1		3
2.3	Зияты зақымдалған мектеп жасына дейінгі балалардың даму ерекшеліктері.	2	1		3
2.4	Көру қабілеті және есту қабілеті зақымдалған мектеп жасына дейінгі балалардың даму ерекшеліктері.	2	1		3
2.5	Тірек- қимыл аппараты зақымдалған мектеп жасына дейінгі балалардың даму ерекшеліктері.	2	1		3
3	<b>«Ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды сүйемелдеудегі ПМПК мен</b>	<b>30</b>	<b>10</b>	<b>3</b>	<b>43</b>

	<b>мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының байланысы»</b>				
3.1	ПМПК тексерудің негізгі мақсаты.	2			2
3.2	Мектеп жасына дейінгі балалардың ерекше білім беру қажеттілігін ПМПК жағдайында анықтау.	2	1	1	4
3.3	ПМПК жұмысының мазмұны, тексеру алгоритмі, тексеру қорытындылары мен ұсыныстарын талдау.	3	2		5
3.4	Мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеу тілінің дамуының онтогенезі	2	2	1	5
3.5	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мектеп жасына дейінгі ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды сүйемелдеу, психо-физикалық даму ерекшеліктері.	4	1		5
3.6	Мектеп жасына дейінгі ұйымдардағы логопедтің қызметі, жұмыс мазмұны.	4			4
3.7	Мектеп жасына дейінгі ұйымдардағы арнайы педагогтың қызметі, жұмыс мазмұны.	2			2
3.8	Мектеп жасына дейінгі ұйымдардағы психологтың қызметі, жұмыс мазмұны.	4			4
3.9	Мектеп жасына дейінгі ұйымдардағы педагог - ассистенттің қызметі, жұмыс мазмұны.	2	2		4
3.10	Мектеп жасына дейінгі ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды оқыту мен тәрбиелеудің түзете – дамытушылық бағыты.	3	2	1	6
4	<b>«Мектеп жасына дейінгі қарым-қатынас пен әлеуметтік өзара әрекеттестіктің бұзылысы бар балалардың даму ерекшеліктері және олармен жүргізілетін жұмыс түрлері»</b>	4	5	3	12
4.1	Әлеуметтік өзара әрекеттестіктің бұзылысы бар балалардың даму ерекшеліктері.	1	2	1	4
4.2	Әлеуметтік өзара әрекеттестіктің бұзылысы бар балаларды дамытудағы сенсорлы интеграция.	1	2	1	4
4.3	Әлеуметтік өзара әрекеттестіктің бұзылысы бар мектеп жасына дейінгі балалармен түзету - дамытушылық жұмыс.	2	1	1	4
	<b>Барлығы:</b>	<b>50</b>	<b>24</b>	<b>6</b>	<b>80</b>

Ескерту: 1 академиялық сағат – 45 минут (педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және өткізу, сондай-ақ педагог қызметін курстан кейінгі сүйемелдеу қағидаларына сәйкес Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 95 бұйрығы).

## 7. Оқу нәтижелерін бағалау

Мұғалімдердің кәсіби құзыреттіліктерінің дамудеңгейін анықтау үшін Бағдарлама мазмұнын меңгеруді бағалаудың критерийлері мен параметрлерін әзірлеп, курстың ОӘК–не енгізеді және мұғалімдердің білімін бақылау мен бағалау нысанын оқытушының таңдауы бойынша өзгертуге болады.

1) Бақылау сұрақтары 1-4 модульдердің теориялық материалдарын игеру нәтижелері бойынша жүргізіледі:

№	Сабақтың тақырыптары	Сағат саны	Сұрақтар /балл саны
1	2	3	4
1	«Инклюзивті білім берудің мазмұны, нормативті құжаттар»	10	5
2	«Ерекше білім беру қажеттілігі бар балалар тобы, балалардың даму ерекшеліктері»	15	6
3	«Ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды сүйемелдеудегі ПМПК мен мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының байланысы»	43	9
4	«Мектеп жасына дейінгі қарым-қатынас пен әлеуметтік өзара әрекеттестіктің бұзылысы бар балалардың даму ерекшеліктері және олармен жүргізілетін жұмыс түрлері»	12	10
	Барлығы:	80	30

## 9. Курстан кейінгі қолдау

- Тыңдаушылармен байланыс орнату құралдары:
    - Онлайн конференция Zoom-менкездесу өткізу, Facebook, Instagram әлеуметтік желіде вебинарлар өткізіп, ақпараттармен бөлісу, Whatsapp желісінде кері байланыс орнату.
  - Ресурстық қамтамасыз ету:
    - оқулықтар мен оқу құралдары, ғылыми монографиялардың сілтемесі
- Педагогтің қатысуымен өткізетін тәжірибелік семинар, онлайн семинар, вебинар, шеберлік сағаттары, пікірталас аландарын өткізу іс-шараларын жоспарлау.

## Әдебиеттер тізімі

- Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 11 шілдедегі № 343 Заңы
- Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 4 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 24 қаңтарда № 26618 болып тіркелді. Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 29.09.2023 № 300 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3. Білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық қолдап отыру қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 6 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 18 қаңтарда № 26513 болып тіркелді Ескерту. Тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 29.09.2023 № 300 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.
4. Об утверждении модели развития дошкольного воспитания и обучения Постановление Правительства Республики Казахстан от 15 марта 2021 года №137
5. Психолого-педагогическое сопровождение детей с особыми образовательными потребностями в общеобразовательном детском саду. Часть 1. Ситуационный анализ состояния коррекционно-педагогической поддержки детей с особыми образовательными потребностями в дошкольных общеобразовательных организациях Республики Казахстан: методические рекомендации. / Баймуратова А.Т., Дербисалова Г.С. – Алматы: ННПЦ РСИО, 2022. – 48
6. Организация деятельности психолого-медико-педагогических консультаций в системе инклюзивного образования: методические рекомендации /авт-сост. А.К.Ерсарина – Алматы 2020. - 38 с
7. «Организационно-методические основы педагогической поддержки детей с особыми образовательными потребностями в дошкольных организациях образования» - Коржова Г.М., Вишневская Т.А., Баймуратова А.Т., Завалишина О.В. 2020 г.
8. Типовые учебные программы дошкольного обучения и воспитания детей с ООП № 721 ПРИКАЗ
9. Онтогенез барысында на тілі жүйесінің қалыптасуы. Монография. / Өмірбекова Қ.Қ., Тасжүрекова Ж.Т., Сейсенова А.Д., Ибатова Г.Б., Оспанова А.С., – Алматы: АИБД ҰҒПО., 2021. – 166
10. «Бала тілі-бал. Мектеп жасына дейінгі балалардың сөздігі» Тасжүрекова Ж. Т., Ибатова Г. Б., Оспанова А. С. , – Алматы: АИБД ҰҒПО., 2021. – 44
11. Инклюзивтік білім беруде әдіснамалық және оқу-әдістемелік сүйемелдеу бойынша тәсілдеме ұстанымдарын табысты ендірудің әлемдік тәжірибесін талдау. Әдістемелік ұсынымдар. –Астана: БІ. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2015